

Мәслихаттың 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 231 "Қостанай облысы Қарабалық ауданы Есенкөл ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 101 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 қаңтарда № 6817 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2019 жылғы 7 маусымдағы № 411 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 07.06.2019 № 411 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына сәйкес Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарабалық аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 231 "Қостанай облысы Қарабалық ауданы Есенкөл ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4760 тіркелген, 2014 жылғы 29 мамырда "Айна" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 8-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Есенкөл ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қарабалық аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төртінші сессия төрағасы

С. Лысоченко

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А. Тюлюбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қарабалық ауданы Есенкөл
ауылдық округінің әкімі

_____ А. Сағынбек

Мәслихаттың
2016 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 101 шешіміне қосымша
Мәслихаттың
2014 жылғы 29 сәуірдегі
№ 231 шешіміне қосымша

**Қостанай облысы Қарабалық ауданы Есенкөл ауылдық округінің
жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары
өкілдерінің сандық құрамы**

| Елді мекеннің атауы | Қостанай облысы Қарабалық ауданы Есенкөл ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам) |
|--|--|
| Қостанай облысы Қарабалық ауданы Есенкөл ауылдық округінің Лесное ауылының тұрғындары үшін | 30 |
| Қостанай облысы Қарабалық ауданы Есенкөл ауылдық округінің Славян ауылының тұрғындары үшін | 10 |